

**ҚБТУ ИМЖ КС 516-1-23**



**«ҚАЗАҚСТАН-БРИТАН ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ  
ИМЖ КОРПОРАТИВТІК СТАНДАРТЫ**

---

**«ҚАЗАҚСТАН-БРИТАН ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ-ТА МВА  
EXECUTIVE ЖӘНЕ МВА БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ОҚЫТУ ТӘРТІБІ**

ҚБТУ ИМЖ КС 516-1-23

Алматы қ.

## **ҚБТУ ИМЖ КС 516-1-23**

### **Алғы сөз**

Осы «Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ-та MBA Executive және MBA бағдарламалары бойынша оқыту тәртібі» корпоративтік стандарты ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001: 2016 серияларындағы халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес келетін «Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ интеграцияланған менеджмент жүйесі (бұдан әрі – ИМЖ) құжаттамасының құрамдас бөлігі болып табылады.

### **Жалпы мәліметтер**

Кәсіптік бағдарламалар департаменті және үздіксіз білім беру департаментінде  
ӘЗІРЛЕНГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛГЕН

«Қазақстан-Британ техникалық университеті» акционерлік қоғамы Басқармасының  
2023 жылғы 15 мамырдағы № 13 шешімімен  
БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

## ҚБТУ ИМЖ КС 516-1-23

### МАЗМҰНЫ

Стр.

1. МАҚСАТЫ	4
2. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ	4
3. ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР, ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР	4
4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	5
5. МВА EXECUTIVE ЖӘНЕ ЕМВА БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ОҚУҒА ТҮСУ ТӘРТІБІ	7
6. МВА EXECUTIVE ЖӘНЕ ЕМВА БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ОҚЫТУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ	8
7. МВА EXECUTIVE ЖӘНЕ ЕМВА БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ОҚУҒА ТҮСУ БАРЫСЫНДА ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН РЕСМИ ТАЛУ ЖӘНЕ ПӘНДЕРДІ ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ ТӘРТІБІ	8
8. ШАРА БОЙЫНША ТӘУЕКЕДЛДЕР	9
9. ЖАЗБАЛАР	9
10. ЖАУАПКЕРШІЛІК	10
11. ҚҰЖАТТАРҒА СІЛТЕМЕЛЕР	10
12. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	11
БЛОК-СХЕМА	12
1-ҚОСЫМША	13

## **1. МАҚСАТЫ**

1.1 Осы «ҚБТУ» АҚ-та Executive MBA және MBA бағдарламаларын оқыту тәртібі» (бұдан әрі - Тәртіп) корпоративтік стандарты «Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ-тағы (бұдан әрі – «ҚБТУ» АҚ) магистранттарды қабылдау тәртібін, оқыту шарттарын айқындайды.

## **2. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ**

2.1. Осы Тәртіптің талаптарын Үздіксіз білім беру департаменті, Кәсіптік бағдарламалар департаменті, сондай-ақ Тіркеуші кеңсесін, Оқу-әдістемелік орталықты, Бюджеттік жоспарлау және экономикалық талдау департаментін, Бухгалтерлік есеп, есептілік және қаржы департаментін, Академиялық мәселелер жөніндегі проректорды қоса алғанда, оқу процесіне тартылған «ҚБТУ» АҚ лауазымды тұлғалары мен құрылымдық бөлімшелері қолданады.

## **3. ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР, ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР**

3.1. Осы Тәртіппен келесі терминдер және оларға сәйкес анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) **Жеке оқу жоспары (бұдан әрі – ЖОЖ)** - білім алушының білім беру бағдарламасының оқу жоспары және элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен әрбір оқу жылына дербес қалыптастыратын оқу жоспары;

2) **MBA бағдарламасы (бұдан әрі – MBA)** - бизнес саласында заманауи білім мен дағдыларды меңгерген, процестер мен кадр активтерін басқаруға, компанияның стратегиясын қалыптастыруға, стратегиялық және жедел міндеттерді айқындауға және ғылыми құралдарды қолдана отырып, оларға қол жеткізуге қабілетті басқарушы кадрларды даярлау жөніндегі бағдарлама;

3) **Executive MBA бағдарламасы (бұдан әрі – EMBA)** – мақсатты аудиторияның ерекшелігін ескере отырып, топ-менеджерлерді даярлауға бағдарланған MBA бағдарламасы;

4) **ҚБТУ, Университет** - «Қазақстан-Британ техникалық университеті» акционерлік қоғамы;

5) **ҚР ғжЖБМ** - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі;

6) **ББ** – білім беру бағдарламасы;

7) **ТК** – Тіркеуші кеңсе;

8) **ҮБД** – Үздіксіз білім беру департаменті;

9) **КБД** – Кәсіптік бағдарламалар департаменті;

10) **Академиялық күнтізбе (Academic Calendar)** - оқу жылы ішінде демалыс күндерін (демалыс және мереке күндерін) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіптік практикаларды өткізу күнтізбесі;

11) **Оқу жоспары** – тиісті білім беру деңгейіндегі білім алушылардың оқу пәндерінің және (немесе) модульдерінің, кәсіптік практикасының, оқу қызметінің өзге де түрлерінің тізбесін, реттілігін, көлемін (еңбек сыйымдылығын) және бақылау формасын тәртіптейтін құжат;

12) **Оқу пәніне жазылу (Enrollment)** - білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу рәсімі;

13) **Кредиттік оқыту технологиясы (Credit Education)** - академиялық кредиттерді жинақтай отырып, білім алушылардың пәндерді және/немесе модульдерді оқып-үйрену реттілігін таңдау және өз бетінше жоспарлау негізінде оқыту;

14) **Оқу жұмыс жоспары (Curriculum)** - білім беру бағдарламасы және студенттердің жеке оқу жоспарлары негізінде ЖОО дербес әзірлейтін оқу құжаты.

## **ҚБТУ ИМЖ КС 516-1-23**

Кредиттердің санын, пәндерді оқу реттілігін, оқу сабақтарының түрлерін және бақылау формалдарын көрсете отырып, міндетті компоненттің, ЖОО компонентінің және таңдау бойынша компоненттің оқу пәндерінің толық тізбесін қамтиды; жұмыс оқу жоспары (бұдан әрі – ЖОЖ) - білім беру бағдарламасы және білім алушылардың жеке оқу жоспарлары негізінде ЖЖОКБҰ дербес әзірлейтін оқу құжаты;

**15) Оқу пәні** – білім беру мекемесінде оқу үшін ғылымның, техниканың, өнердің, өндірістік қызметтің белгілі бір саласынан іріктелген білім, білік және дағдылар жүйесі;

**16) Қашықтықтан білім беру технологиялары (ҚБТ)** - білім алушы мен педагогтің жанама (қашықтықта) немесе толық жанама емес өзара іс-қимылы барысында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту.

### **4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

4.1. Осы тәртіп MBA және Executive MBA бағдарламаларын КБД және ҮБД іске асыруға қойылатын талаптарды айқындайды.

4.2. Бағдарламалар жоғары білімі бар білім алушылардың құзыреттерін дамыту, жаңа білім мен практикалық дағдыларды алу мақсатында іске асырылады. Жоғарыда айтылғандар келесілерді қарастырады:

- тыңдаушыларды ұйымдардағы көшбасшы және тиімді менеджер рөліне дайындау;

- олардың стратегиялық ойлауын, кәсіпкерлік дағдыларын, инновацияларға қабілеттерін дамыту, тиімді бизнес-шешімдер қабылдау;

- бизнес және менеджмент саласындағы білімді әртүрлі жағдайларда кешенді іскерлік мәселелерге қолдана білу;

- командаларда жұмыс істеудің тұлғааралық дағдыларын игеру және дамыту;

- үздіксіз оқу және жеке даму қабілеті.

4.3. MBA және EMBA білім беру бағдарламалары шеңберінде магистрлерді даярлау жалпы бейіндегі кәсіби басқарушыларды (general manager) даярлауға қойылатын талаптар орындалған жағдайда, сондай-ақ корпоративтік бағдарлама бойынша әртүрлі бағыттар бойынша жүзеге асырылады.

4.4. MBA бағдарламасының мақсаты – бизнес саласында заманауи білім мен дағдыларды меңгерген, процестер мен кадр активтерін басқаруға, компанияның стратегиясын қалыптастыруға, стратегиялық және жедел міндеттерді анықтай білуге және ғылыми құралдарды қолдана отырып, оларға қол жеткізуге қабілетті басқарушы кадрларды даярлау бағдарламасы.

4.5. EMBA бағдарламасының мақсаты – кәсіби менеджерлерді даярлау, бизнес туралы жаңа білім алу, оларды қолдану бойынша құзыреттерді әзірлеу, стратегиялық ойлау мен көшбасшылық қасиеттерді дамытуға мүмкіндік беретін тұрақты өзгерістер жағдайында басқару қабілетін қалыптастыру.

4.6. Бағдарламаның сипаттамасы:

- кем дегенде 120 академиялық кредитті міндетті түрде игере отырып, іскерлік әкімшілендіру магистрі дәрежесін беретін MBA бағдарламасы – процестер мен кадр активтерін басқаруға, компанияның стратегиясын қалыптастыруға, стратегиялық және жедел міндеттерді айқындауға және ғылыми құралдарды қолдана отырып, оларға қол жеткізуге қабілетті бизнес саласында заманауи білімі мен дағдыларын меңгерген басқарушы кадрларды даярлау жөніндегі бағдарлама;

- кемінде 60 академиялық кредитті міндетті түрде игере отырып, іскерлік әкімшілендіру магистрі дәрежесін беретін Executive MBA бағдарламасы – мақсатты аудиторияның ерекшелігін ескере отырып, топ-менеджерлерді даярлауға бағытталған MBA бағдарламасы;

4.7. MBA және EMBA түлектерінің негізгі және кәсіби құзыреттеріне қойылатын

## ҚБТУ ИМЖ КС 516-1-23

талаптар. MBA және EMBA бағдарламасы түлегінің құзыреттілігі келесідей білім және дағдылармен айқындалады:

- 1) қазіргі нарықтық ортадағы ұйым қызметінің стратегиялық позицияларынан бизнесті басқарудың мәні;
- 2) ұйымдардың құрылымы, олардың мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл тетіктері, ұзақ мерзімді перспективада сыртқы контекст жағдайында жұмыс істеу ұстанымдары;
- 3) стратегиялық басқарудағы көшбасшылық тұжырымдамасы;
- 4) басқарудың заманауи тәсілдері;
- 5) менеджменттің талдамалық әдістері, проблемаларды диагностикалау, талдау және шешу әдістері, сондай-ақ шешімдер қабылдау және оларды практикада іске асыру әдістері;
- 6) Бизнестің жаһандануының маңызы;
- 7) Бизнестің проблемалық аспектілерін талдау және шешімдер жасау;
- 8) басқарудың практикалық мәселелерін шешуде сыртқы ортаның әсерін анықтау және оны ескеру;
- 9) теорияны, заманауи зерттеулерді және практика талаптарын білу негізінде менеджменттің әртүрлі функционалдық аспектілерін біріктіру;
- 10) компанияны басқару мәселелерін шешуге маркетингтік және қаржылық тәсілді қолдану;
- 11) бизнесті жүргізу және оны басқару проблемаларын халықаралық ортадағы бәсекелестік тұрғысынан қарау.

4.8. MBA және EMBA бағдарламасы бойынша магистрлерді даярлау келесілерге сәйкес жүзеге асырылады:

- мемлекеттік білім беру стандартымен және үлгілік оқу жоспарлары;
- Қазақстан Республикасының Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтарының жіктеуішісі;
- оқу жұмыс жоспарлары;
- Академиялық күнтізбе;
- магистранттардың жеке оқу жоспарлары.

4.9. MBA және EMBA бағдарламасы бойынша магистрлерді даярлау келесілерге а сәйкес жүзеге асырылады:

- мемлекеттік білім беру стандартымен және үлгілік оқу жоспарлары;
- Қазақстан Республикасының Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтарының жіктеуішісі;
- оқу жұмыс жоспарлары;
- Академиялық күнтізбе;
- магистранттардың жеке оқу жоспарлары.

4.10. MBA және EMBA білім беру бағдарламасының құрылымы 1-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

4.11. Бағдарламалардың мазмұны келесілерге сәйкес анықталады:

- оқылатын пәндердің мазмұны, дәйектілігі мен көлемі көрсетілетін оқу жоспарларымен қамтамасыз ету;
- оқытудың мақсаттары мен нәтижелерін, сабақ тақырыбын, оқу нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау тәртібін ашатын пәндердің оқу бағдарламаларымен (силлабустармен) дәріс беру; қолданылатын білім беру технологиялары, ұсынылатын әдебиеттер.

4.12. MBA және EMBA білім беру бағдарламалары келесілерден құралады:

- 1) кәсіби құзыреттілікті және жеке дамуды, көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру бойынша пәндер;
- 2) өндірістік практика (MBA-да оқитын адамдар үшін);
- 3) магистрлік диссертация немесе жоба орындау;

## **ҚБТУ ИМЖ КС 516-1-23**

4) қорытынды аттестаттау.

4.13. Негізгі және кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру бойынша МВА және ЕМВА білім беру бағдарламалары міндетті және элективті компоненттер пәндерінен тұрады. Элективті пәндер тізбесі белгілі бір бизнес саласы үшін МВА және ЕМВА бағдарламаларын дайындау бағытына және мамандануына сәйкес айқындалады.

4.14. МВА және ЕМВА бағдарламалары бойынша оқыту ақылы негізде жүзеге асырылады. МВА және ЕМВА бағдарламалары бойынша оқу құны белгіленген тәртіппен бекітілетін ҚБТУ нормативтік құжаттарымен айқындалады.

4.15. МВА және ЕМВА бағдарламаларына Қазақстан Республикасының азаматтары және жоғары/жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын меңгерген шетел азаматтары қабылданады.

4.16. МВА және ЕМВА бағдарламаларында оқытуды бизнес зерттеулер мен консалтинг жүргізуге, ғылыми қызметке тартылған, сондай-ақ басқарушылық жұмыс тәжірибесі бар профессор-оқытушылар құрамы қамтамасыз етеді.

4.17. Сабақ өткізу барысында оқытушы ҚБТУ ішкі нормативтік құжаттарын, ақылы қызмет көрсету туралы шартты басшылыққа алады.

4.18. Пәндерді жүргізу байланыс сағаттары және өзіндік жұмыс шеңберінде өткізілетін дәріс сабақтарын, қолданбалы сипаттағы практикалық тапсырмаларды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

- зерттеу немесе қолданбалы жобаларды орындау;
- компьютерлік симуляцияларға және іскерлік ойындарға қатысу;
- іскерлік мысалдарды қарастыру және практикалық мәселелерді шешу.

4.19. Оқыту процесінде пәндерді оқыту нәтижелеріне сәйкес келетін вариативті білім беру технологиялары қолданылады.

4.20. Дәріс және практикалық (семинарлық) сабақтар арасында байланыс сағаттарын бөлуді оқыту нәтижелеріне қол жеткізу логикасына сәйкес пән оқытушысы жүргізеді.

4.21. Пән оқытушысы оқу нәтижелеріне қол жеткізу логикасына сәйкес аралық бақылау және аралық аттестаттау (қорытынды емтихан) өткізу формасын дербес айқындайды.

4.22. Сабақтар бұлтты платформаларды қолдану арқылы өткізілуі мүмкін.

4.23. Оқу-әдістемелік қамтамасыз етуге қойылатын талаптар:

ҚБТУ магистранттардың білім беру бағдарламасын сапалы игеруі үшін оқу процесін оқу-әдістемелік және ақпараттық материалдармен қамтамасыз етеді. МВА және ЕМВА бағдарламасын іске асыру ақпараттық желілерге, кітапхана қорларына, компьютерлік технологияларға, оқытылатын пәндер бойынша әдістемелік құралдар мен әзірлемелерге еркін қол жеткізумен қамтамасыз етіледі.

Оқу және кітапхана үй-жайлары интернетке, неғұрлым кең таралған кәсіби мерзімді басылымдарды қамтитын электрондық деректер базасына қолжетімділікпен жаратандырылады.

МВА және ЕМВА бағдарламалары онлайн-платформа арқылы қолдауға ие, оған тыңдаушылар оқу орнынан тыс және сабақтан тыс уақытта қол жеткізе алады.

4.24. Бағдарламаларда білім алушыларға өз тәжірибелерін зерделеу және өзекті мәселелерді талқылау үшін бизнесмендер мен практик-менеджерлердің шеберлік сыныптарына, қонақ дәрістеріне қатысу мүмкіндігі беріледі.

## **5. МВА EXECUTIVE ЖӘНЕ ЕМВА БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ОҚУҒА ТҮСУ ТӘРТІБІ**

5.1. МВА және ЕМВА білім беру бағдарламаларына қабылдау және қабылдау бекітілген «ҚБТУ»АҚ білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдау ережелеріне» сәйкес жүзеге асырылады.

5.2. Оқуға түсу емтиханы кәсіби және басқарушылық тәжірибесі мен магистратура

## **ҚБТУ ИМЖ КС 516-1-23**

деңгейінде оқу қабілетін растау тұрғысынан емтихан комиссиясы өткізетін жеке сұхбаттасу (дербес сұхбат) формасында өткізіледі.

5.3. МВА және ЕМВА білім беру бағдарламаларына оқуға түсу емтиханын өткізу және қабылдау мерзімі жылына 2 рет: күзгі (қазан-қараша) және көктемгі (наурыз-сәуір) семестрде немесе тапсырыс беруші компанияның сұрауы бойынша өткізіледі.

5.4. МВА және ЕМВА білім беру бағдарламаларына оқуға түсуші тұлғалар қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды тапсырады:

5.4.1. Міндетті құжаттар пакеті:

- белгіленген үлгідегі ректордың атына өтініш;
- қосымшалары бар жоғары білім туралы құжат (түпнұсқа);
- еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар адамдар үшін);
- 3x4 өлшемді 2 фотосурет;
- №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген электрондық форматтағы 075/у

формасы бойынша медициналық анықтама;

- жеке куәліктің немесе паспорттың көшірмесі;

- түйіндеме.

5.4.2. Қосымша құжаттар пакеті (бар болса):

- жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттың көшірмесі;
- ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың, сертификаттардың тізімі;
- шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттардың көшірмелері.

Осы тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалар қайтарылады.

## **6. МВА EXECUTIVE ЖӘНЕ ЕМВА БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ОҚЫТУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

6.1. Магистрантты МВА және ЕМВА бағдарламалары бойынша оқыту кредиттік оқыту технологиясы бойынша: күндізгі, онлайн, модульдік, аралас форматта жүзеге асырылады.

6.2. ЕМВА бағдарламасы бойынша оқу ұзақтығы кемінде бір жыл, МВА бағдарламасы бойынша кемінде 1,5 жылды құрайды. Бағдарламаның құрылымы 1-қосымшаға сәйкес айқындалады.

6.3. Магистранттың оқу жүктемесінің көлемі МВА және ЕМВА бағдарламалары бойынша бекітілген оқу жұмыс жоспарына сәйкес жасалады.

6.4. Оқу процесін ұйымдастыру, пәндер бойынша білімді бағалау мәселелері, МВА және ЕМВА бағдарламалары бойынша оқытуға қатысты өзге де мәселелер ҚБТУ академиялық саясатымен, Университеттің өзге де ішкі құжаттарымен және жасалатын оқыту шартының талаптарымен жүзеге асырылады және реттеледі.

6.5. Оқу сабақтарының кестесін, аралық бақылауды және аралық аттестаттауды қалыптастыру білім алушылардың оқу жүктемесін неғұрлым ұтымды бөлу принципіне сәйкес жүзеге асырылады.

6.6. Пәндер бойынша аралық бақылау бағдарламаларды басқаратын құрылымдық бөлімше басшылығының келісімі бойынша пән оқытушысы айқындаған мерзімдерде жүргізіледі және пәндер силлабустарында көрсетіледі.

6.7. Аралық аттестаттау (қорытынды емтихан) пән бойынша оқу сабақтары аяқталғаннан кейін, академиялық кезеңнің соңында немесе соңында (семестр, триместр, онкүндік, модуль) өткізіледі.

6.8. Пәнді аяқтағаннан кейін магистранттар ерікті негізде анонимді сауалнама түрінде пәннің сапасына баға береді. Білім алушыларға сауалнама жүргізуді бағдарламаларды басқаратын құрылымдық бөлімшелер жүргізеді.

6.9. МВА/ЕМВА білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған және



## **ҚБТУ ИМЖ КС 516-1-23**

қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен адамдарға «Іскерлік әкімшілендіру магистрі» дәрежесі беріледі және қосымшасы бар жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом (транскрипт) тегін беріледі.

### **7. MBA EXECUTIVE ЖӘНЕ EMBA БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ОҚУҒА ТҮСУ БАРЫСЫНДА ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН РЕСМИ ТАНУ ЖӘНЕ ПӘНДЕРДІ ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ ТӘРТІБІ**

7.1. Егер білім алушыда ұсынылған құжаттардың (транскрипт, диплом) негізінде таңдалған бағдарламаға (магистратура/магистратура) сәйкес алдыңғы білім берудің оқу нәтижелері болса, онда меңгерілген пәндер бойынша ББ сәйкес игерілген кредиттерді қайта есептеу жүргізілуі мүмкін.

7.2. Кредиттердің баламалылығы (пәндер көлемі мен мазмұнының сәйкестігі) туралы мәселе әрбір нақты жағдайда пән бойынша қорытынды бағаны және алынған кредиттер санын көрсете отырып, ұсынылған транскрипт (ресми құжат) негізінде қаралады. MBA және EMBA білім беру бағдарламаларына оқуға түскенге дейін білім алушылардың игерген кредиттерін есепке жатқызуды ТК-мен бірлесіп салыстыру ведомосін жасау жолымен ҮБД және КБД басшысы жүргізеді.

7.3. Қысқа және орта мерзімді курстар (тренингтер) бойынша, оның ішінде қосымша білім беру шеңберінде ҚБТУ өткізетін оқу нәтижелерін тану үшін MBA және EMBA білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларының пәндерін қайта есептеу мақсатында комиссия құрылады.

7.4. Комиссия құрамына ҚБТУ-дың штаттық және/немесе шақырылған оқытушылары, MBA және EMBA бағдарламаларын басқаратын құрылымдық бөлімшелердің басшылары кіреді. Комиссия 6 адамнан тұрады: төраға, төрағаның орынбасары, дауыс беру құқығы бар комиссияның 3 мүшесі, дауыс беру құқығы жоқ техникалық хатшы. Комиссия төрағасы болмаған жағдайда оның міндеттерін төрағаның орынбасары атқарады. Комиссия құрамы ҚБТУ ректорының бұйрығымен бекітіледі.

7.5. Комиссияның шешімі комиссия мәжілісіне қатысушылардың жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Комиссияның шешімі еркін формадағы хаттамамен ресімделеді, оған Комиссияның барлық мүшелері қол қояды және тиісті MBA және EMBA бағдарламасын басқаратын құрылымдық бөлімшеде сақталады.

7.6. Қысқа және орта мерзімді курстарда (тренингтерде), оның ішінде ҚБТУ қосымша білім беру шеңберінде өткізілген оқу нәтижесінде алынған оқу нәтижелерін реми тануға өтініш берген тұлға (бұдан әрі - Үміткер), комиссияның қарауына келесі құжаттарды ұсынады:

- оқыту нәтижелерін ресми тану туралы еркін формадағы өтініш;
- жеке куәліктің көшірмесі;
- оқуды растайтын сертификат;
- курстың (тренингтің) оқу бағдарламасы (тақырыптары).

7.7. Комиссия ұсынылған құжаттарды қарайды, олардың қайта есептеу пәні бойынша оқу бағдарламасына сәйкестігіне талдау жүргізеді, қайта есептеу пәні бойынша білімі, іскерлігі мен дағдыларының 100 балдық шкаласы бойынша бағалаумен Үміткермен сұхбаттасу өткізеді (100 балдық бағалауға сәйкес келетін әріптік баламасымен) және келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

- курсты (тренингті) өту кезінде алынған нәтижелерді ресми танудан бас тарту;
- курсты (тренингті) өту кезінде алынған нәтижелерді ресми тануға және оларды MBA және EMBA бағдарламаларының оқу жоспарының тиісті пәні бойынша нәтиже ретінде (сұхбаттасу жүргізу кезінде алынған 100 балдық шкала бойынша бағалау хаттамасында 100 балдық бағалауға сәйкес келетін әріптік баламамен міндетті түрде көрсете отырып) есептеу.

## ҚБТУ ИМЖ КС 516-1-23

7.8. Оқыту нәтижелерін ресми тану 50 және одан да көп баллмен қайта есептеу пәні бойынша білімді, іскерлікті және дағдыларды бағалау кезінде жүргізіледі.

7.9. MBA және EMBA білім беру бағдарламаларына оқуға түскенге дейін білім алушылар игерген кредиттерді есепке жатқызу көлемі теориялық оқытуға бөлінген кредиттер көлемінің 30% - нан аспауы тиіс, оқу құны есептелген кредиттер санына азаяды. Жекелеген жағдайларда, бейресми білім беру ұйымдарымен ҚБТУ-дың тиісті келісімдері/шарттары болған кезде кредиттерді есепке алу көлемі осы келісімдермен/шарттармен тәртіптеледі.

### 8. ШАРА БОЙЫНША ТӘУЕКЕЛДЕР

8.1 Осы Тәртіппен регламенттелген іс-әрекеттерді орындау барысында келесідей тәуекелдер туындауы мүмкін:

№ р/т	Тәуекел атауы	Алдын алу іс-қимылы	Түзету іс-қимылы	Тәуекел иесі
1.	EMBA және MBA бағдарламаларын іске асыруға қойылатын ҚР БҒМ талаптарындағы өзгерістерге байланысты өзекті емес нұсқаны пайдалану	Уақытылы өзектендіру және жедел келісу	Ескі нұсқаны алып тастау және өзекті нұсқаны ауыстыру	КБД ҮБД

### 9. ЖАЗБАЛАР

9.1 Осы Тәртіп шара бойынша қызметтің аралық және қорытынды нәтижелерін жазбаша және/немесе электрондық түрде растайтын төмендегі жазбаларды қамтиды:

№ р/т	Жазба атауы	Жабаны сақтау орны	Жазба үшін жауапты тұлға
1	EMBA және MBA бағдарламалары бойынша оқу кезеңінде магистранттың ЖОЖ-ына сәйкес өткен пәндері туралы мәліметтерді қамтитын транскрипт	ҚБТУ ААЖ	КБД ҮБД ТК
2	Пәндерді қайта есептеу жөніндегі комиссия мәжілісінің хаттамасы	КБД ҮБД	КБД ҮБД
3	Қайта есептеу негізінде пән бойынша оқу нәтижелерін ресми тану туралы электрондық форматтағы жазба	ҚБТУ ААЖ	ТК

**10. ЖАУАПКЕРШІЛІК**

10.1. КБД және ҮБД келесілер үшін жауапты болады:

- консультацияларды ұйымдастыру және өткізу;
- тізімді дайындау (аты-жөні, байланыстары);
- оқуға түсу үшін құжаттарды жинау;
- сұхбаттасу өткізу;
- жеке істерді қалыптастыру;
- білім алушылардың шарттарын жасасу;
- магистранттар қатарына қабылдау туралы бұйрық шығару;
- ТК-мен бірлесіп тыңдаушыларды пәндерге тіркеу;
- ОПҚ-ны іріктеу;
- ақылы қызмет көрсету туралы шарттар жасасу (ОПҚ);
- сабақ кестесін әзірлеу;
- төлемге және сабақ кестесін мониторингілеу;
- қорытынды аттестаттауды өткізу;
- ТК-мен бірлесе отырып, магистранттарды оқудан шығару туралы бұйрық шығару;
- ТК-мен бірлесіп диплом және транскрипт беру.

10.2. Пәндерді қайта есептеу жөніндегі Комиссия:

- қосымша білім беру шеңберінде ҚБТУ-да өткізілетін қысқа және орта мерзімді курстар (тренингілер) бойынша оқыту нәтижелерін ресми танудың объективтілігі мен дұрыстығы үшін жауапты.

10.3. БЕЖҚД жауапты:

- есепте көрсету үшін;
- кірісті есептеу үшін;
- КБД-ны және берешектің бар екендігі туралы ҮБД-ны уақытылы хабардар ету үшін жауапты.

МжРД:

- білім беру бағдарламаларын жарнамалау және жылжыту үшін жауапты.

10.4. Магистранттар ЖОЖ-ды уақытылы орындауға жауапты.

**11. ҚҰЖАТТАРҒА СІЛТЕМЕЛЕР**

11.1. Осы Тәртіп келесі нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

- 1) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы;
- 2) Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығына 2-қосымша);
- 3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелері (ҚР БҒМ 12.10.2018 № 563 бұйрығымен жаңа редакцияда);
- 4) Жоғары және(немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік ережелері (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына 5-қосымша);
- 5) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20.07.2022 жылғы бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- 6) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018.10.04 №537 бұйрығымен бекітілген бейресми білім беретін ұйымдарды ресми тану және бейресми білім беретін танылған ұйымдардың тізбесін қалыптастыру ережелері;

## **ҚБТУ ИМЖ КС 516-1-23**

7) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018.09.28 № 508 бұйрығымен бекітілген, бейресми білім беретін танылған ұйымдардың тізбесіне енгізілген ұйымдар беретін бейресми білім беру арқылы ересектер алған оқыту нәтижелерін ресми тану ережелері;

8) Жалғыз акционердің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі шешімімен бекітілген «ҚБТУ» АҚ Жарғысы;

9) Академиялық саясат. 2-бөлім. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім. ҚБТУ ИМЖ КС 514-1-22;

10) «ҚБТУ» АҚ-та білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдау ережелері. КС ИМЖ 59-1-22.

### **12. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**





12.1. Осы Тәртіп ҚБТУ Басқармасы оны бекіткеннен кейін күшіне енеді.

12.2. Осы Тәртіпке өзгерістер мен толықтырулар Басқарманың шешімі бойынша енгізілуі мүмкін.

12.3. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасын, ҚБТУ Жарғысын өзгерту нәтижесінде осы Тәртіптің жекелеген нормалары олармен қайшы келсе, ол заңнамаға және Жарғыға сәйкес келгенге дейін Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алу қажет.

12.4. Осы Тәртіппен регламенттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және «ҚБТУ» АҚ нормативтік құжаттарына сәйкес реттеледі.

МВА және Executive MBA бағдарламаларын іске асырудың БЛОК-СХЕМАСЫ

№№ р/т	Алгоритмдік блок схемасы	Жұмыс сатыларының сипаттамасы	Жауапты	Тәртіптеуші құжат	Орындалғанын растайтын құжат
1		Жарнама және алға жылжыту. Кеңес беру. Тізім дайындау (аты-жөні, байланыс мәліметтері), оқуға түсу үшін құжаттарды жинау, өткізу сұхбаттасу	МжРД ҮБД КБД	«ҚБТУ» АҚ білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдау ережелері	Әлеуетті магистранттар тізімі. Сұхбаттасу хаттамалары
2		Жеке істерді қалыптастыру, шарттар жасасу Магистранттар қатарына қабылдау туралы бұйрық шығару	ҮБД КБД БЕЖД	«ҚБТУ» АҚ білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдау ережелері	Магистранттар қатарына қабылдау туралы бұйрық. ҚБТУ-да бекітілген форма бойынша оқуға арналған шарттар
3		Тыңдаушыларды пәндерге тіркеу. ОПҚ таңдау. Ақылы шарттар жасасу қызмет көрсету (ОПҚ). Кестені әзірлеу. Төлем және кесте мониторингі Қорытынды аттестаттауды өткізу	ҮБД КБД БЕЖД	ҚБТУ академиялық саясаты	Сабақ кестесі. ҚБТУ-да бекітілген форма бойынша өтеулі қызметтер көрсету туралы шарт (ОПҚ). Орындалған жұмыстар актілері (ОПҚ). Пәндер бойынша емтихан ведомостары. Магистрлік жобаларды қорғау хаттамалары
4		Магистранттарды оқудан шығару туралы бұйрық шығару. Диплом және транскрипт беру	ҮБД КБД ТК БЕЖД	ҚБТУ академиялық саясаты	Магистранттарды шығару туралы бұйрық. Дипломдар мен транскриптер көшірмелері

**МВА және ЕМВА білім беру бағдарламасының құрылымы**

№	Блоктар мен пәндердің атаулары	Жалпы еңбек сыйымдылығы			
		МВА		ЕМВА	
		академиялық сағаттарда	академиялық кредиттерде	академиялық сағаттарда	академиялық кредиттерде
1	Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру бойынша пәндер блогы	1740	58	600	20
	1) ЖОО компоненті:	180	6	180	6
	Стратегиялық менеджмент	90	3	90	3
	Бизнес-зерттеу	90	3	90	3
	2) Таңдау бойынша компонент	1320	44	1320	14
	соның ішінде, шығу модулі / шетелде тағылымдама*				
	3) Өндірістік практика	240-тан кем емес	8-ден кем емес		
2	Жеке тұлғаны дамыту және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру пәндерінің блогы	600	20	300	10
	1) ЖОО компоненті				
	2) Таңдау бойынша компонент				
3	Эксперименттік-зерттеу жұмысы, магистрлік диссертацияны/ жобаны орындау	900	30	540	18
4	Қорытынды аттестаттау (магистрлік диссертация/ жоба) жазу және қорғау	360	12	360	12
	Барлығы	3600-тан кем емес	120-дан кем емес	1800-ден кем емес	60-тан кем емес